

Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Бозайғыр ауылы мен Төңкеріс бекетінің шекараларын (шегін) белгілеу туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № А-4/116 қаулысы және Шортанды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 мамырдағы № С-39/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 маусымда № 4833 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шортанды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Бозайғыр ауылының шекаралары (шегі) 1 қосымшаға сәйкес алаңдарда белгіленсін.

2. Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Төңкеріс бекетінің шекаралары (шегі) 2 қосымшаға сәйкес алаңдарда белгіленсін.

3. Шортанды ауданының "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізісін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі
Шортанды аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы

Г.Сәдуақасова

Шортанды аудандық
мәслихатының
хатшысы

Я.Бельц

Г.Скирда

Шортанды ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 14 мамырдағы
№ А-4/116 бірлескен қаулысына
және Шортанды аудандық
мәслихатының 2015 жылғы
14 мамырдағы № С-39/5
шешіміне 1 қосымша

Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Бозайғыр ауылы жерлерінің экспликациясы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 27.02.2019 № А-2/36 қаулысы және Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 27.02.2019 № С-38/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

гектарлар

Елді мекен атауы	Жоспар шекараларындағы жерлер, барлығы	оның ішінде							Бөгде адамдардың пайдалануындағы жерлер	
		Бекітілетін алаң	оның ішінде				құрылыс орналасқан	с у астында		
			егістік	табиғи	жайылымдар				түбегейлі жақсартылған	
Бозайғыр ауылы	3584,9	2698,1	459,0	1217,9	536,4	220,0	240,2	24,6	62,0	824,8

Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № А-4/116 бірлескен қаулысына және Шортанды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 мамырдағы № С-39/5 шешіміне 2 қосымша

Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Төңкеріс бекеті жерлерінің экспликациясы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 27.02.2019 № А-2/36 қаулысы және Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 27.02.2019 № С-38/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

гектар

Елді мекен атауы	Жоспар шекараларындағы жерлер, барлығы	Соның ішінде						Бөгде адамдардың пайдалануындағы жерлер	
		Бекітілетін алаң	Соның ішінде				Құрылыс астында		
			Егістік	Табиғи	Жайылымдар			Түбегейлі жақсартылған	
								"Қазақстан темір жолы " ұлттық компаниясы "	"Жасыл Аймақ " шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

							акционерлік қоғамы	мемлекеттік кәсіпорны
Төңкеріс бекеті	1114,3	1054,2	15,0	906,1	2,2	130,9	40,6	19,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК